

Бүкілресейлік мұсылмандардың төртінші съезіне қазақтан кім барғаны, съезде қаралған мәселелер туралы мақалалар газетке Ә.Бөкейханов жазған.

Газеттің №66 шығарылымында: «Аз да болса қазақтан Петербург кеңесіне 3 кісі кетті. Бұлар: 1) Ғалихан Бөкейханов; 2) Садуақас Шорманов һәм 3) Сералы Лапин. Әуелгі екеуі Семей облысынан, соңғысы Сырдариядан.», - деп көрсетілген [6, 220-бет].

Серәлі Лапиннің «Айқап» журналында Б.Қаратаев, Ж.Сейдалиев, Д.Аманшин, А.Нарымбаев пен бірге қазақ елінің діні, жерге правосы туралы мақаласы жарияланған.

«Қазақтардың діні хұқук һәм жер қақындағы өзара кеңестерінің қортқысы» атты мақала «Айқап» журналының 1914 жылғы №14, 226-229 беттерінде жарияланған. Мақалада Петербургте болған Мұсылмандар Жиналысына қатысқан уәкілдердің қазақ елінің діні басқаруы, жер-су правосы туралы пікірлерін жазған [7, 23-бет].

Қорыта келе, ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының басынан өткен түрлі тарихи оқиғалар барысында халықтың тұтастығы мен елдің болашағын ойлайтын азаматтардың бір ту астына жиналып, бір мақсатта күрескендерін жазба деректері арқылы көз жеткізіп отырмыз. Серәлі Лапин мен Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының саяси құқықтық, әлеуметтік-экономикалық азат елдігін аңсады. Осы жолда өз дәуірлеріндегі қазақ елінің жоғын жоқтап, көкейкесті мәселелері хақында ой толғап, ұлтына бірге қызмет етті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Аргынбекова Г.И. Серәлі Лапиннің шығармашылық қызметі// Молодой ученый. – 2019. - №52(290). – С. 451-453.
2. Байзақұлы Ж. Серәлі Лапин// Сыр бойы. – 2019.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
4. Алаш. Алашорда. Энциклопедия/ Құрастырған: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: Арыс, 2009. – 544 б.
5. «Қазақ» газеті. 1913 жыл /Құрастырған: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. – Алматы: Арыс, 2009. – 480 б.
6. «Қазақ» газеті. 1914 жыл /Құрастырған: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. – Алматы: Арыс, 2009. – 499 б.
7. Субханбердина Ү. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. I-бөлім. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1961. – 156 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ДАРАБОЗ ДАРЫН ТҰЛҒА

*Ералиева Б.К. тарих пәнінің мұғалімі
Сәтбаев қаласы, «№7 ЖББМ» КММ, Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлы «Ана тілдің айбары» омырау медалі және «Ғасыр саңлағы» алқа белгісімен марапатталған. [1]. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлы дарабоз дарын иесі, бір басында көсемдік, қайраткерлік, журналистік, сазгерлік, тілшілік, аудармашылық, әдебиетші, баспагерлік, көрегендік асыл қасиеттері бар ұлы тұлға. Педагогикаға сіңірген еңбегі бір басқа. Жас ұрпақ үшін еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған Ұлы ұстаз. «Қайтсе халқыма пайдамды тигіземін, қалай көзін ашамын, ұйқысынан қалай оятамын»,-деген түпкі оймен толассыз толғанып, үздіксіз ізденген ағартушылық ғұмырында Алаш баласына арнап теңдесі жоқ асыл мұра қалдырды.

1909 жылдан бастап «Маса», «Қырық мысал» жинақтарын баспадан шығарып, өзін бейбіт сезініп, бейғам жатқан елін оятты. 1912 жылы мұсылман түріктер мың жыл бойы қолданған араб жазуы негізіндегі қадім жазуына теңдесіз реформа жасап, төте жазуды барлыққа келтірді. Әліпби 26 әріп пен 1 жұмсарту белгісінен тұрады. Қазақ тіліне тән сингармонизм заңының негізінде жұмсарту белгісі осы 26 әріппен шектелуге мүмкіндік берді. Бұл әліпбиді осы уақытқа дейін Қытай, Ауғанстан мен Иранда тұратын қазақтар

пайдаланады. А.Байтұрсынұлының ұзақ жылдар бойғы ізденісі қазақтың тіл білімі мен халықтың сауаттылығын көтерді, ұлттық мектеп пен қазақ әдебиетінің берік іргетасын қалады.

1913-1918 жылдар «Қазақ» газетін шығарып аталған газет рухын асқақтатып, жұртты оятқан, білімге шақырған жолбасшы болғаны белгілі [2].

Сол төте жазуымен 1912 алғаш рет «Оқу құралын» (Қазақша әліппе) жазып, атаған құралмен бала оқытты. Ғалымның оқу құралы 1912-1925 жылдары арасында 13 басылса, қазақ тілін үйретуге арналған «Тіл құрал» атты оқулығы 34 рет қайтара басылды. Онан сырт, үлкендерге арнап жазған «Сауат ашқыш», «Оқу құралы» атты оқулықтарының өзі - 1928 жылдары бұрынғы «Оқу құралы» (қазақша әліппе) атты он үш жыл бойы он мындап, тіпті жүз мындап басылған оқулығын тоқтатып, сол тұстағы заманауи білім беруді көздеп жазған «Әліпби. Жаңа құрал» атты оқулығы күллі қазақ мектептерінің ең маңызды кітабына айналды. Оқытушылардың қолданба құралды ретінде «Тіл жұмсар» (I, II), «Баяншы» атты оқулықтар жазды. Ал, XX ғасыр басында әлемдегі адамзат баласына ең кемелді деп танылға екі-ақ әдебиет теориясы атты еңбек бар болса, Ұлы ұстаздың «Әдебиет танытқышы» (1926) соның үшіншісі еді дейді ғалымдар. Ғалымның бұлардан сырт, фольклорлық мұралар жинақтап, «23 жоқтау», «Ер-Сайын» қатарлы кітаптарды баспадан шығаруы да өлшеусіз еңбектің жемсі еді.[3]

Енді осыларға өмірінің көбірек уақыты түрмеде, айдауда, саяси қуғындарда жүрген ғалымның тұтам уақыт шықса тұтас тарихты тірілтетін ғажап болмысы тіпті өзгеше. Саяси үндеулер, ашық хаттары, қайраткерлік күрлескерлігі, төте жазуын жетілдірі барсындағы жиырма жылдық жанкештегі еңбегі бүгінгі таңда бір институт, тіпті академия ұжымы отыз жылда істей алмаған жұмысты көп уақыты түрмеде өткен жалғыз кісінің тындырғаны сөзсіз батырлық .

Ұлт зиялыларының идеясы – ұлтсыздық қауіпін ерте сезіп, ұлттық мемлекет құруды – Алаш автономиясы іргетасы қаланса, ары қарай тұтас түріктің басын біріктіруді көктейді. Қазақ тілінің тазалығын өзі жаратқан ғажап жазуы және жыл сайын жетілдірген емлесі арқылы сақтады. Ұлттың төл жазуын жасап, қазақ тіліне ғана тән 24 тұрақтандырып, төл дыбыстан өзге шектен енген дыбыстарды (арабтың ф, х , һ) қолданыстан шығарды. Осы арқылы мың жыл бойы сақталған араб, парсы сөздерінен туындаған тіл шұбарылған жойды. Орыс пен Еуропа тілдерінен кіргелі тұрған терминдерге қазақ, түрік тілінен балама іздеді. Сөйтіп шеттен енуі мүмкін болған терминдер қазақша «шапан киіп шыға келді». Қазақ тілін ғылым тіліне айналдырды. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалатынын» айтып дабыл қақты. Осылайша Ұлт ұстазының ұлты үшін жасаған еңбегі өлшеусіз.[4]

«Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай, һәм күшті болуымыз керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»- деген заманда бүгінгі ұстаз үшін жалғыз академиялық білім енді жеткіліксіз. Осы орайда, Ұлт ұстазының «Әдебиет танытқышы» зерттеу еңбегін өз тәжірибемде пайдаланудамын. Бұл еңбек көзі қарақты ұстаз үшін таптырмас қазына. Әр сабағын білім алушыға түсінікті де қызықты өткізу үшін білім алушының жас ерекшеліне сай түрлі әдіс-тәсілдерді, ұғындыру жолдарын іздейтін ұстазға құнды көмекші құрал. Тарих пәні сабағын өткізуде осы еңбектегі «жүйені» пайдалану мен үшін үлкен көмек және осы «жүйені» толықтай ұсынуды жөн көрдім.

Қара сөзден адам тек ұғым алады делік. Ұғымның өзі керекті орнына қарай екі түрлі болады.

1. Ес ұғымы, яғни еске керек ұғым; 2. Іс ұғымы, яғни іске керек ұғым. Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, задын, сырын, сипатын, мүдетін, мұратын танимыз. Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз. Сондықтан қара сөзді әңгімелер екі жақты болып келеді: бір жағы ес ұғымымен болады, екінші жағы іс ұғымымен болады.

Қара сөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді деп жоғарыда айтылған еді. Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда, ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді: 1. Ғалам тарабына. 2. Құдай тарабына. 3. Ғылым тарабына. 4. Әлеумет тарабына. 5. Үгіт-тәрбие тарабына. 6. Сын тарабына.

I. Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қараға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұғым жүйесі даналық деп аталады. Даналық мақсаты бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам атанған дүниенің жұмбағын (дүние мәселесін) шешпек, даналықтың ес ұғымына тиісті жағы – сап даналық болады да, іс ұғымына тиісті жағы – салт даналығы болды. Сап даналық жолының өзі екі айырық болады: бірі ғаламның адам ақылы жетерлік те, жетпестік те жағын зейінге салды. Алдыңғы табансыз даналық делініп, соңғысы табанды даналық делініп айтылады.

Адамның зейіні құдайды тану жағына жұмсалып, құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда, дін пайда болып, ұғым жүйесі жасалса, ол ғақаид деп аталады. Мұның екі жағы болады; бірі діннің негізгі турасындағы ес ұғым болады да, біреуі дінге керек іс ұғым болады.

Зейін табиғаты – табиғат құбылысын тану жағына жұмсалып, табиғаттың түрлі заңдарын тауып, қасиеттерін біліп, әбден көз жеткенде пайда болатын ұғым жүйесі-ғылым деп аталады. Ғылымның түрі толып жатыр, оның бәрін мұнда баяндау сөз мәселесінің ісі емес.

Зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, көсемдік ұғым жүйесі пайда болды.

Зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолында жұмсалғанда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болды.

1. Әуезе

Болған оқиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағұлмат беру – әуезе болады.

Әуезе көбінесе үш тақтаға бөлінеді : 1. Мәлімде. 2. Мазмұндау. 3. Қорыту.

Мәлімдеуде я уақиғаның алдында не болғаны айтылады, я айтушының уақиғадан а қанша хабардар екендігі айтылады. Мазмұндауда уақиға қалай болып, қалай өткені айтылады.

Қорытуында я уақиғадан шыққан нәтижесі (ақтығы) айтылады, я айтушының қарары айтылды.

Әуезе түрлері

Әуезе әңгімесінің айтатын түріне қарай бірнеше тарауға бөлінеді. Біреулері өткенді сөз қылғанда, уақыт сарынымен айтады. Екіншілері уақыт сарынымен айтады да, үшіншілері біреуден біреуді туғызып, туыс сарынымен сөйлейді; кейбіреудің өз заманындағы болған уақиғасын сөйлегенде, кей өткен замандағы уақиғаның әңгімесін сөйлейді. Біреуі бір адамның өмірін яки мінезін әңгіме қылғанда, бітін жұрттың өмірін яки мінезін әңгіме қылады. Сондықтан әуезілердің мынандай тараулары болады. 1. Шежіре. 2. Заман хат. 3. Өмірбаян. 4. Мінездеме. 5. Тарих. 6. Тарихи әңгіме.

1. Шежіре – өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі. Шежіреде уақиғадан гөрі өткендердің түсі, туысы көп айтылады. Сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыты, туыс сарынымен айтылатын әуезе табынына жатады. Шежіре болған уақиға жайынан сөйлесе, себебін, мәнісін айтпай тек болғанын айтады да қояды. Мәселен қазақ жұртының өмірінде болған уақиғалардың түп себептері байласылмай көбінесе хандардың түсін, елдердің туысын көрсетіп тізген Шәкәрімнің «қазақ әм хандар шежіресі» деген кітабындағы әңгіме шежіре болады. Басқа жұрттардың да шежірелерінде уақиғаны жылдап тізгеннен басқа еш тәртіп болмайды. Ел шапқан мен қатын -бала шапқан әңгімесі қатар тұрады. Бір жерінде әңгімені қойылтып маңызды түрде айтса, екінше жерде сұйылтып, ұсақ-түйекті сөз қылады. Бір жерінде рас болған уақиғаны сөйлесе, екінше жерінде тек жұрт аузындағы әуезе болған өтірік шынды әңгімелерді сөйлеп кетеді.

Тарих. Тарихты қазақша ұлы дерек деуге әуезе табына жатқызғанымен айғақты әуезе болады. Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы тарих. Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының яки бүтін жұрттың, я бір таптың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту. Тарихтың мақсаты – бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңмен өзгергенінің білу. Тарихшылар адам басының кешкен түрлі уақиғалардың мағұматын сымға тартқандай сынға салып, мінсіз етіп өткізеді.

Шежіре жазушылары естіген – білгенің сол қалпында, шикі түрінде тізеді. Тарихшылар күр естігенімен қанағаттанбай, рас, өтірігін тексеріп, расын ғана алды.

Шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме – бәріде тарихтың жемі есебіндегі нәрсе. Тарих олардың айтқанының бәрін ала берміді. Аударып, ақтарып түрлі жағынан қарап, түрлі мағұматтармен салыстырып, сипатталған мағұматтардан ғана алады. Тарихшылардың мақсаты -уақиғаның уақытын ғана көрсету, яки не түрде болған тысқа нәрселер, нендей уақиғалар себеп болғанын көрсетіп, ішкі мәнісімен де таныстыру.

Тарихи әңгіме. Тарих жүзінде белгілі адамдар, нәрселер, уақиғалар турасында сөйлейтін әуезелер тарихи әңгіме деп аталады. Тарихи әңгіме тек лақап әңгімеден мазмұнының шындағымен айрылады. Жұрт аңыз қылып әңгімелердің өтірігі көп болды. Тарихи әңгіме тарих сипатына сүйенетін шын әңгіме болды. [5]

Осылайша талаптыға талпыныс беріп, мотивация туғызып, педагогикадағы сарабал сара жолының кеңдігін көрсеткен педагог-ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың салған сара жолын, өзі туралы оқытуда тәжірибемде кеңінен қолданып жүрмін.

8-сыныптың Қазақстан тарихы пәні оқулығында 1900-1945 жылдар аралығында Қазақстан қоғамында орын алған бетбұрысты, өзекті оқиғалар мен тарихи кезеңдерге баға беріліп, олардың себеп-салдары ашып көрсетіледі. Оқу материалдарының ішінде бағдарламаға сәйкес төмендегі тақырыптар берілген:

тақырып мазмұны	мақсаты
Қазақстанның ХХ ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы Зерттеу сұрағы: Не себепті А. Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деп санады?	8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру; 8.3.1.2 ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру.
ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру
1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға «халық жауы» деген айып тақты?	8.3.1.7 ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
Ахмет Байтұрсынов – «ұлт ұстазы» Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай	8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау.

Қазақ халқы үшін осыншама қыруар еңбек еткен ұлы тұлға есімін артында қалған ұрпақтары мәңгілікке ұмытпайтыны хақ. Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

ұсынуымен Qazaqstan телеарнасы «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты тарихи телехикая шығарды. Осы орайда 2021-2022 оқу жылында 8 «А» және «Б» сыныптарында сабақтың мазмұнында білімді кеңейтіп, тақырыпты терең түсіну мақсатында «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясын білім алушылардың назарына ұсындым. Ұлт Ұстазы «Пәнді әліптеу нәрсені пән мақсатымен алып, дәлдеп әліптеп, сыр-сипатын дұрыс танып, нәрсе туралы дұрыс ұғым беру үшін істеледі», - деп мәлімдегендей фильмді көре отырып, талқылау өз кезегінде білім алушылардың білімдерін тереңдетуге үлкен ықпал етті. Ұлт ұстазы «Зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолында жұмсалғанда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болады», - дегендей білім алушылар фильм фрагменттерін ортада талқылай отырып, Ұлт ұстазының өмір жолын жадысында мықтап сақтағанын байқатты. Сонымен бірге, білім алушылар тоқсан соңында жазылатын бөлім бойынша жиынтық бағалауда жоғары көрсеткіштер көрсетті.

Хронологиямен жұмыс жасауда Ұлт ұстазының «Тарихи әңгіме тарих сипатына сүйенетін шын әңгіме болды» дегені үнемі басшылықта.

«Болған оқиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағұлмат беру – әуезе болады» делінгендей, 8-сынып білім алушылары Ахмет Байтұрсынов – «ұлт ұстазы» тақырыбында эссе жазды және презентациялар жинағын құрастырды. Ал, адам үшін ең қызықты нәрсе өз қолымен жасағаны. Білім алушылар үшін ұлт ұстазы туралы мәліметтермен жасақтану білімдерінің кеңейуіне өз үлесін қосты.

Мұхтар Әуезов А. Байтұрсынұлы туралы: «Бір басында сан салалы өнер тоғысқан, телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың рухани көсемі», - деп дұрыс баға берген. Ахмет Байтұрсынұлы Алаш жұртына қызмет етті. Ол шын мәнінде қазақ халқының рухани көсемі, ағартушы - педагог болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Имаханбетова Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны Астана, «Педагогика ПРЕСС», 2010.
2. Қазақстан тарихы, 1-бөлім, 8-9 сынып Қ.С.Өскембаев, З.Ф.Сақтағанова, Л.И.Зуева, Ғ.Мұхтарұлы. Алматы, Мектеп, 2019.
3. Ізденіс, 22.09.2022 ж. №18 (232)
4. Айгөлек. №9 (254) «Ұлт ұстазы қазақты неден жиренуге, неден үйренуге үндейді?»
5. Байтұрсынов А., «Әдебиет танытқыш», Алматы, «Атамұра» 2003.

КЛЮЧЕВЫЕ ФАКТОРЫ В ФОРМИРОВАНИИ ПОЛИТИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

*Шотбакова Л.К., к.и.н., профессор
Ибраева А.Т., магистрант 1-го года обучения
КарУ имени академика Е.А. Букетова
г. Караганда, Казахстан*

Ахмет Байтұрсынов известен как общественный деятель, акын, публицист, лингвист - реформатор, один из лидеров идеи Алаш. Он был борцом за свободу казахского народа, необыкновенный талант и тяга к знаниям поставили его в первые ряды просветителей и духовных отцов нации. За политическую деятельность был приговорен к расстрелу во время массовых репрессий 30-х годов XX века. Знать и ценить его наследие, деятельность, идеи — общий долг народа.

Формирование казахской национальной интеллигенции складывалось на рубеже XIX - XX веков под влиянием ряда политических, социально-экономических, культурных факторов. В Казахстане шел процесс насильственного изъятия земель и раздачи ее